

Келісілді

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет әдіскері
Г.Қ.Нұрмағанбетова

« ____ »

2025ж



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

МККК менеджері:

Ж.А. Курманова

2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Шаңырақ» ересек тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Ұлттық дәстүр-асыл мұра»**

Сүлейменова З.Ж.
Кинжибекова Н.Е

Қандыағаш қаласы

Қандыағаш қаласындағы «Күншуақ»бөбекжай бақшасы» МКҚК
тәрбиешілері З.Ж.Сүлейменова, Н.Е.Кинжибекова

«Ұлттық дәстүр –асыл мұра»
бағдарламасына (вариативтік компонент)

Пікір

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп,тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты - қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Мұғалжар аудандық әдістемелік
орталығының әдіскері

Г.Қ. Нұрмағанбетова

Түсінік хат

(вариативтік компонент)

«Күншуақ»бөбекжай бақшасының 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту заңына сәйкес № 7 «Шаңырақ» ересек тобына вариативтік компонент «**Ұлттық дәстүр –асыл мұра**» тақырыбында жоба ретінде таңдап алынды.

Халқымыз «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Оқу–әдістемелік кешеннің құрамы;

- бағдарлама
- күнтізбелік жоспар
- қосымша материалдар

Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты – білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі – бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе .Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиыстыру. Мәдениетімізді қалыптастыру, ұлттық тәрбиені арттыру.

Міндеттері: Балалардың ұлттық құндылықтарымен өзара қарым қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттердің қарапайым дағдыларын меңгерту. Балаларға ұлттық дәстүрімізді дәріптеу, баланың зейіннің, қабылдауын, есте сақтауын, логикалық ойлауын дамыту. Әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Мазмұны: Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық болмысымыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар озық ойлы күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды. Ұлттық құндылықтар – ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің іргетасы.

Нәтижесінде: Ұлттық құндылықтар – жас ұрпаққа берілетін ең асыл мұра. Сондықтан ұлттық рухты, ұлттық сананы, отаншылдықты, имандылық пен ізгілікті сәби шақтан бастап қалыптастырып, балабақша қабырғасында жан-жақты сіңіру – ұлттық жаңғырудың өзегі болмақ.

**«Ұлттық дәстүр – асыл мұра» вариативтік компоненттің
күнтізбелік жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қолданатын материалдар
1	Балабақшадағы айтыс	Балаларды айтыспен таныстыру	Ұлттық ойындар суреті
2	Ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдармен таныстыру	Ұлттық тағамдары бейнеленген суреттер
3	Сүттен жасалған тағамдар	Сүттен жасалған тағамдардың жасалу жолдары, қасиеті	Сүттен жасалған тағамдар, суреттері
4	Ұлттық қимылды ойындар	Ұлттық ойындармен таныстыру	Ұлттық ойындар суреттері
5	Ұлттық дәстүрім мақтанышым	Сыйластық,ынтымақтастық, достық құндылықтарын түсіндіру	Тақырыптық суреттер
6	Алтын асық	Қиымыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, логикалық ойлауды қалыптастыру	Асықтар
7	Ұлттық киімдер	Ұлттық киімдермен таныстыру	Суреттер
8	Қазақтың ұлттық әндерін, күйін, биін үйрету.	Ұлттық музыкалық аспаптармен таныстыру	Музыкалық аспаптар
9	Ұлттық тақырыпта әңгімелер мен ертегілер оқу	Әңгімелесу және әдеби шығармалар оқу	кітаптар
10	Қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары	Балаларды шығармашылық жұмыспен айналыстыру	қолөнер үйірмелерін ұйымдастыру
11	Ұлттық тағамдарды дайындау	тамақтану дәстүрлерімен таныстыру	балалармен бірге ұлттық тағамдарды әзірлеу
12	Балаларға мақал-мәтелдерді айтып, жұмбақтарды шешу	Тіл байлықтарын дамыту, шығармашылық елестету қасиетін дамыту	суреттер
13	Дәстүрден тыс сурет салу, ою жапсыру,баулармен сурет салу. Ұнды пайдалану арқылы сурет салу және мақтамен әдемілеп ою жапсыру.	Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	Желім, мақта,оюлар
14	«Туған өлкем,қандай көркем» альбомдар жинақтау	Балалар өз елінің көрнекті жерлерітуралы тамашалап,өз туған жеріне деген қызығушылықтарын ояту	Альбом жасақтау
15	Ұлттық мазмұнда заттық дамыту ортасын құру	Орталық арқылы балаларды рухани адамгершілік құндылықтарға баулу,орталықтың жандануына балалармен, отбасы мүшелерін тарту,жұмылдыру	Ата аналармен жұмыс
16	«Білімнің көзі кітапта»	Қазақтың дара тұлғаларын таныстырып ,олардың жазған ,шығарған шығармаларымен таныстыру,суретті кітаптарды	кітаптар

		көрсету арқылы не туралы айтылатынын сұрау,ой қозғау.	
17	«Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар»	Балаларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру .	Баяндама,кеңес
18	Қазақтың әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлері альбомдар жасау	Балаларға сурет арқылы әдет ғұрып,салт дәстүрлер туралы түсінік беру,ұлттық құндылықтарды дәріптеу.	суреттер
19	«Ең тамаша ,елім менің»	Кең байтақ туған еліміздің, байлығын,әсемдігін көрсете білу арқылы, өскелең жас ұрпақты өз отанын сүйе білуге тәрбиелеу	қол өнер, сурет көрмелерін ұйымдастыру
20	«Ұлттық ойын тәрбие құралы»ұлттық ойын түрлерін ұйымдастыру	Балалардың коммуникативтілік дағдыларын,кимыл қозғалыстарын жетілдіру,ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігін сезіну.	Ойындар ұйымдастыру
21	Қазақ халқының мал пірлері	Балалармен қазақ халқының мал пірлер,жайында әңгімелесу	Роликтер көрсету
22	«Жыл басы Наурыз»	Наурыз мерекесі ерекшеліктерімен таныстыру	Суреттер, роликтер
23	«Қазақтың оюөрнектері»	Атадан-балаға мұра болып келе жатқанұлттық ою-өрнектердің ерекшеліктерін түсіндіру;	Ою өрнектер
24	«Асық –ұлттық қазынамыз»	Атадан балаға өнеге болып қалар қазақұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларғатаныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру .	асықтар
25	Киіз үй бөліктерімен танысу	Балаларға киіз үйдің құрылуы туралы мағлұмат беру	Киіз үй
26	«Салт дәстүр –асыл қазынам»	әдет ғұрып пен салт дәстүр туралы терең меңгерту	
27	Өлкеміздің мұражайындағы асыл мұраларға саяхат ұйымдастыру.	саяхат ұйымдастыру арқылы балалардың туған өлкенің мұражайымен таныстыру	мұражай
28	«Домбыра-халық даналығы»	Қазақтың ұлттық аспаптары және домбырамен таныстыру.	домбыра
29	«Баталы сөз балаға азық»	Жанұядағы ата,әже мен немере арасындағы қарым – қатынасты нығайту.Атаға, әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	Баталар жаттау
30	«Жақсы сөз жанға қуат береді»	Жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;	суреттер
31	« Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу»	Ұлттық дәстүрімізді, әдет ғұрыптарымызды, атабабаларымыздан қалған насихат мұраларды балалардың санасына	Әдеби кітаптар

		сіңіру.	
32	«Ұлттық қолөнер сырмақ сыры»	Бала жүрегіне ұлттық сана сезімді ұялату, танымдық қабілеттерін және ұлттық білім жайлы білімдерін кеңейту	Ұжымдық жұмыс
33	Ұлттық ойындар жинақтары	Балаларға өз халқының ұлттық құндылықтарын меңгерту.	ойындар
34	Асық ойындары	Асық ойынының барлық ережелерін, қыр – сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшелерін білу.	асықтар
35	«Ойлан да ,шешуін тап» тақырыпқа байланысты жұмбақтар жинақтары «Жаңылмай айт» тақырыпқа байланысты жаңылтпаштар жинақтары Бата тілектер, тыйым сөздер жинақтары	Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері арқылы балалардың сөздік қорын , тіл ұшқырлығын, ой зеректігін, қиялының дамуын жетілдіру, адамгершілік , құндылықтар арқылы ұлтының патриоты болуға тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру.	Жұмбақтар, жаңылтпаштар
36	«Қамшы өру»	Өр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету.	Өр түсті жіптер